ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 11 қантар №7119-23-00-2/14666 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
сот отырысының хатшысы А.М. Кашкамбаева болып,
прокурор Р.Байзульдинова қатысуымен
ашық сот отырысында мобильді байланыс және аудио-бейнетүсірілім құралдарын қолданып, келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитет» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«КНОРР» Жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі М.Т.Сәрсенова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

«Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитеті» РММ және ЖК "КНОРР" «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2023 жылғы 27 қазандағы қаламмен қол қоюға арналған графикалық планшет сатып алу бойынша №230108/00 шартты жасасты. Шарттың 2-тарауының 2.1-тармағына сәйкес жалпы сома №1 қосымшамен айқындалады және 1 350 000 теңгені құрайды.

Шарттың қолданулы мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 11.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Баймурзина А. А., 13.02.2024
7119-23-3-1/14547

Шарт Тапсырыс берушімен Қаржы министрлігінің Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін күшіне енген (шартты тіркеу туралы хабарлама (2023 жылғы 30 қазандағы № 7274112). Шарттық міндеттемелерді орындау мерзімі шегінде. Шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн, яғни 2023 жылдың 18 қарашасына дейін.

Қабылданған шарттық міндеттемелер орындалмаған. Жеткізуші курьерлік пошта арқылы жіберген тауарлар техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейді (2023 жылғы 22 қарашадағы тауардың сәйкестік/сәйкессіздік акты ұсынылды).

2023 жылғы 20 желтоқсанда шарт біржақты тәртіпте бұзылды.

Міндеттемелердің тиесінші орындалмауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысына екінші рет қосылмады, сол себепті сот АІПК 196 бабын қолданып істі жауапкердің қатысуынсыз қарау мүмкін деп санайды.

Прокурор өз қортындысында талапты қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 11.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Баймурзина А. А., 13.02.2024
7119-23-3-1/14547

мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз шарт талаптарын орындамау болып табылады.

Сот отырысында жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті тұрде орындамағаны, жеткізілген тауар техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Тауарды ауыстыру туралы дәлелдер сотқа ұсынылмаған.

Жауапкер шарттың бұзылуын дауламаған. Талаптарды қарау кезінде шарттың қолданылу мерзімі аяқталды.

Аталған мән-жайлар бойынша сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюшының талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Азаматтық кодекстің (ары қарай - АК) 272-бабына сәйкес Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. АК 277-бабына сәйкес міндеттеме белгіленген мерзімде орындалуы керек.

АК 293-бабына сәйкес Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсызды айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 13 500 теңге (10 күн үшін есептелген). Есеп -1350 000 (шарт сомасы) х 0,1% х 10 (мерзімі өткен күн) = 13500 теңге.

Сот талап қоюды көрсетілген талаптар шегінде қарайтындықтан, сот көрсетілген соманы өндіру қажет деп санайды.

Мемлекеттік баж АПК-нің 117- бабына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 11.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Баймурзина А. А., 13.02.2024
7119-23-3-1/14547

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитет» Республикалық мемлекеттік мекемесінің «КНОРР» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызын - қанағаттандырылсын.

«КНОРР» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танудан бас тартылсын.

«КНОРР» ЖК-ден мемлекет пайдасына 13 500 (он үш мың бес жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 2130 (екі мың жүз отызі) теңге өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья А.Абенова

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 11.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Баймурзина А. А., 13.02.2024

7119-23-3-1/14547